Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

13 октября
2023 года
ПЯТНИЦА
№ 82 (1579)

**ЖЕЛІДЕП «АЛЫПСАТАРЛАР» немесе «ЗАКЛАДЧИК» КІМ?**



СТР.3

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в sarangazeti, sarangazetikaz, sarangazeti

## ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

# КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ: ШАҺАРДЫҢ СПОРТ САЛАСЫ МЕН МӘДЕНИ ӨМІРІН ЖАҚСАРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕР ТЫҢДАЛЫП, ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шапағат ШАРАПАТҰЛЫ
Суретті түсірген автор



Мемлекет басшысының әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы Жарлығы осыған саяды. Бүгінде әкімдер тұрғындардың әрбір уәжіне құлақ түріп, жергілікті жердегі мәселеге тереңнен үңілуге кірісіп кетті.

Мәселен, әкім болып сайланғанына бір айға толар-толмас уақыт ішінде Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов шаһар тұрғындарымен бірнеше кездесулер өткізіп, жұртшылықты мазалаған сұрақтарға жауап беруге тырысуда. Сондай-ақ мұндай кездесулердің төрттен бір бөлігі ғана өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы қысқаша таныстырып өтуге арналса, қалған бөлігі қала тұрғындарының сауалдарына арналуда.

Осындай кездесулердің бірі үстіміздегі жылғы 12 қазанда қалалық мәдениет үйінің ғимаратында өтті. Бұл жолы Еркін Энглисұлы мәдениет пен спорт саласының өкілдерін қабылдап, олардың жеке мәселелерін қарастырды.

«Қайырлы күн. Алдымен баршаларыңызға өзімді таныстырып өтсем. Менің есімім Еркін Баулықов. Қыркүйек айының 21 жұлдызынан бастап осы Саран қаласының жаңа әкімі болып тағайындалған болатынмын. Сол сәттен бастап әр салада қызмет жасап жүрген қала тұрғындарымен осы тектес кездесулер өткізіп келемін. Бүгінгі кездесуіміз де солардың бір жалғасы дер едім.

Сол себептен де бүгінгі кездесуге мәдениет саласының қызметкерлері мен спортшыларды шақырған болатынбыз. Ондағы мақсат – өздеріңізбен жүздесіп, қаламыздың мәдениет пен спорт бағытында айтылмай қалған немесе көп жерлерде көтерілмей жүрген қандай көкейкесті мәселелері бар екенін тікелей өздеріңізден естіп біліп, солардың түйінін тарқату.

Біз келесі жылға арнайы жоспар әзірлеп жатқан болатынбыз. Сондықтан да келесі жылға арналған бюджетті бекітуден алдын барлық мәселелерді егжей-тегжейлі біліп, анықтап алу мақсатында осы қазан айында барлық кездесулерді өткізіп алып, мәселелерді нақтылап алсақ деген ниетіміз бар.

Сондықтан еркін форматта, сұрақ-жауап, диалог түріндегі сүбелі сұхбат құруды ұсынамын сіздерге. Кімде қандай сұрақ бар, ұялмай, қысылмай қоя берсеңіздер болады», - деді кездесу шымылдығын түрген Еркін Энглисұлы.

Жиналған қауым қала әкіміне спорт және мәдениет бағытындағы көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, саланы дамытудағы маңызды бастамаларын жеткізді. Ал әкім кездесу барысында келіп түскен барлық талап-тілектер мен сұрақтарды мұқият тыңдап, толымды жауаптарын берді.

Қоғамдағы кез келген қадам көпшіліктің назарынан қалыс қалмайтыны белгілі. Ендеше «халықтан асқан сыншы жоқ» деудің мағынасын жете түсіне білген қала басшысы Еркін Баулықовтың игі бастамасына кездесуге келген жұртшылық дән ризашылықтарын білдірді.



## КО ДНЮ ДУХОВНОГО СОГЛАСИЯ

# 18 ОКТЯБРЯ 2023 ГОДА В АСТАНЕ ПРОЙДЁТ МЕЖДУНАРОДНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ, ПОСВЯЩЁННАЯ ДНЮ ДУХОВНОГО СОГЛАСИЯ

astanaforum.kz

В 1992 году в Алматы был проведён первый Всемирный Конгресс Духовного Согласия. Впервые в истории человечества за одним столом собрались представители всех религий, миротворческих движений и общественных организаций, известные учёные и деятели культуры, которых волнуют проблемы духовности и человеческого бытия.

В принятом Манифесте участники I Конгресса призвали объявить день его открытия 18 октября Днём Духовного Согласия – днём моратория на конфликты и столкновения, днём поиска примирения, установления взаимопонимания между людьми, днём милосердия и помощи ближнему. С тех пор в Казахстане 18 октября ежегодно отмечается как День Духовного Согласия и является социально-значимой датой. Он призван утверждать главенство духовности и культуры над всеми другими аспектами жизнедеятельности человека.

Конференция откроется 18 октября в 15:00 часов в здании Акимата г. Астана. Её организаторы: Акимат города Астаны, Международная ассоциация «Мир через Культуру».




В семинаре, который пройдет в кинозале акимата г. Астана, примут участие Министр информации и общественного развития РК Д. Кыдырали, заместитель акима города Астаны Е.Байкен, автор идеи Дня духовного согласия, заслуженный общественный деятель Республики Казахстан Т. Мухамеджанов, руководители религиозных объединений Казахстана, а также участники из зарубежных стран.

## ШАҺАР ТЫНЫСЫ

# САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ: ӨРТКЕ ҚАРСЫ ОҚУ – ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ ӨТТІ

Шапағат ШАРАПАТҰЛЫ
Суретті түсірген автор

**10 қазанда Саран шаһарында Рабочая көшесі 2 мекенжайы бойынша орналасқан «Спорттовары» көппәтерлі тұрғын үй кешенінде өрт-тактикалық оқу-жаттығулар өтті.**

Өрт тактикалық оқу жаттығуына мектеп оқушылары, Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттері, ҚР ТЖМ Қарағанды облысы ТЖД ӨСжАҚЖ ӨСБ-24 өрт сөндірушілері, жедел жәрдем қызмет мен Саран қаласының полиция бөлімі қатысты. Шартты өрт сөндіруге өрт сөндіру бөлімінен 3 бірлік техника, жеке құрамның 10 қызметкері, төтенше жағдайлар бөлімінен 1 қызметтік автокөлік пен 4 қызметкер, полиция бөлімінен 2 қызметтік автокөлік пен 4 полиция қызметкері, жедел жәрдемнен 1 қызметтік автокөлік пен 4 жедел жәрдем қызметкері жұмылдырылды.

«Спорттовары» тұрғын үй кешені Саран шаһарының ең биік және ірі үй кешендерінің бірі болып табылады. Көп қабатты үй кездейсоқ таңдалмады. Мұндай үйлердегі өрттерді сөндіру қиынға соғады, өйткені оларда эвакуациялауды қажет ететін көптеген адамдар тұрады, кіреберіс жолдары көбінесе автокөліктермен кедергі болады, бұл өрт сөндіру техникасының, оның ішінде биіктік техникасының жұмысын қиындатады.

Тактикалық жоспар бойынша көп қабатты тұрғын үйден шығады. Төтенше жағдайлар бөліміне Рабочая көшесі 2 мекенжайы бойынша орналасқан «Спорттовары» көппәтерлі тұрғын үй кешенінде шартты өрт болып жатқандығы хабарланды. Хабар түскен сәттен бастап өрт сөндірушулер дереу жолға шықты. Құтқарушылар ең алдымен көп қабатты үйдің тұрғындарын қауіпсіз жерге шығарды. Жаттығу шеңберінде құтқарушылар баспалдақпен тұрғындарды сыртқа шығару техникасын көрсетті. Тактикалық жаттығу аясында штаб құрылып, жедел әрекет ету қызметінің жұмысы көрсетілді. Сол аралықта жарақат алған адамдар бар ма, жоғы да қаралды. Сондай-ақ, жаттығуда өрт сөндірушілер жарақаттанған адамды таза ауаға шығарып, денсаулығын бақылады. Рацияның көмегімен дүкеннің ішінде орын алып жатқан жағдай, тілсіз жаумен күрестің нәтижесі баяндалып, хабарланып тұрды.

Өрт сөндірушілер бір адамдай жұмыла жұмыс істегеннің арқасында алдына қойылған тапсырмаларды тиісті деңгейде орындап, шартты өрт дер кезінде сөндірілді. Адамдар құтқарылды.

Өрт сөндірушілер уақытында жетіп, тілсіз жауды дер кезінде ауыздықтады. Нысандағы барлық адам эвакуацияланды. Төтенше жағдай бөлімінің қызметкерлері оқушылардың барлық сұрақтарына жауап берді. Техникалық құралдардың тұрақты жұмыс жасауын бақылаудан өткізіп, жедел әрекет етуге үйретті. Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетілді.

Қазіргі таңда осындай өрт-тактикалық оқу жаттығулар бүкіл Қарағанды облысы бойынша өткізіліп жатыр.

***«Оқу-жаттығулардың басты себебі көп қабатты ғимараттардағы өрттерді сөндіру кезінде жеке құрамның дағдыларын пысықтау, сонымен қатар қала тұрғындары мен қонақтарды алдын алу шарттарына үйрету, өрт себептерін анықтау мен оның негізгі мәселелерін шешу болып табылады. Біз бұндай шараларды әрбір қауіпті маусым басталған кезде өткізіп тұрамыз»,*** - деді Саран қаласы төтенше жағдай бөлімінің инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Әлішер Аманбеков.

Жаттығу қорытындысы бойынша өртке қарсы дайындық барысы жоғары деңгейде екені айқындалды. Осындай оқу жаттығудың арқасында тұрғындарға өрт қауіпсіздігін сақтап, басты ережелерді түсіндіру маңызды дейді төтеншеліктер.

Сонымен қатар олар, өрт-тактикалық оқу жаттығулардың негізі мақсаты – белгілі бір нысанда орын алған шартты өртті дер уақытында сөндіру, жаттығу барысында кездесуі ықтимал мәселелерді аға, басшы, қатардағы жеке құрамымен тәжірибелік тұрғыдан машықтау болып табылады дейді.

Саран қаласының төтенше жағдайлар бөлімі осы тектес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы арнайы өрт-тактикалық жаттығуларды тұрақты негізде өткізіп тұрады. Осы жолы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері Саран шаһарындағы Рабочая көшесі 2 мекенжайы бойынша орналасқан «Спорттовары» көппәтерлі тұрғын үй кешенінде орын алған шартты өртті ауыздықтады. Оқу жаттығуға қалалық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Сергей Анищенко басшылық етті.

«Өрт шыққан кезде көбісі сасқалақтап, дүрбелеңге түседі. Салдарынан адам шығыны орын алып жатады. Осындай оқу жаттығулардың арқасында олар оқыс оқиға кезінде қандай әрекет жасау керектігін үйренеді. Республика аумағында мұндай оқу жаттығулар тұрақты түрде өткізіледі. Билік өкілдерінің келісімі бойынша бірлескен өрт-тактикалық оқу жаттығуларын өткізу туралы шешім қабылданды. Сол себепті де бұндай шараларды біз жиі өткізіп тұрамыз. Бұл өте маңызды», - дейді төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Сергей Анищенко.

Осындай жаттығулардың арқасында өрт сөндіру бөлімшесінің және нысан қызметкерлерінің практикалық іс-қимылы пысықталынады. Сонымен қатар, техника қауіпсіздігін сақтау мәселелері де қамтылады.

Басшы құрамның жағдайды дұрыс бағалай білу, қажетті күштер мен құралдар санын есептей білу дағдылары тексерілді.

Сонымен қатар, Саран қаласының төтенше жағдай бөлімінің мамандары халық арасында профилактикалық жұмыстар және тақырыптық оқыту бағытындағы сұхбаттасулар жүргізді.

Осыған байланысты Саран қаласының тұрғындарынан тыныштықты сақтауды, дүрбелеңге түспеуді, сондай-ақ өткізілетін іс-шараларға түсіністікпен қарауды және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды өтінді.










ЕСІРТКІГЕ – ЖОҚ, ДЕ!

# ЖЕЛІДЕП «АЛЫПСАТАРЛАР» немесе «ЗАКЛАДЧИК» КІМ?









Шапағат ШАРАПАТҰЛЫ
Суретті түсірген автор

**Үстіміздегі жылғы 11 қазанда Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжінің қабырғасында аталған білім ошағы студенттерінің қатысуымен есірткі қылмысының алдын алу бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.**

Аталмыш игі шара Қарағанды облысы полиция департаментіне қарасты есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының мұрындық болуымен ұйымдастырылса керек. Ел болашағы жастармен болған кездесу барысында есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері Нұрым Садуақасов есірткі қолданудың зияны һәм есірткіні заңсыз таратуға қатысты болған тұлғалардың қандай құқықтық жауапкершілікке тартылатыны туралы түсіндірді. Сонымен қатар ол мұндай іс-шаралар жасөспірімдер мен жастардың есірткіге қарсы тұрақты санасын қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті.

Кездесу барысында ашық диалог өтті. Қарағанды облысы полиция департаментіне қарасты есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері мен студенттер нашақорлыққа қарсы күрес шараларын, есірткі заттарын өткізу мен таратқаны үшін жазаларды, нашақорлық мәселелері бойынша деректер мен статистиканы талқылады.

*«2023 жылдың басынан бастап Қарағанды облысы полиция департаментінің қызметкерлерімен есірткі таратқаны үшін 14 пен 15 жастағы 3 кәмелетке толмаған жандар ұсталды. Бұл үш адамның біреуі 14 жастағы қыз бала болса, екеуі 15 жастағы жасөспірім ер балалар.*

*Міне осы тақауда ғана, яғни үстіміздегі жылғы 20 қыркүйекте жаңағы 14 жастағы қыз балаға есірткі таратқаны үшін 8 жыл бас бостандығынан айыра отырып, түрмеге қамау арқылы жазаға тарту туралы соттың үкімі шықты. Ал енді бір сәтке ойланыңыздаршы, балалар! Осының бәрі оған керек пе еді?! Артында зар жылап ата-анасы, туған-туыстары мен дос-жарандары қалды. Бұл бір тараптан. Екіншіден, енді ғана басталып келе жатқан өмірінің ең қызыққа толы сәттеріндегі сегіз жылы түрмеде өтпек. Не үшін? Әрине, есірткі таратқаны үшін...»*, - деді кездесу барысында Қарағанды облысы полиция департаментіне қарасты есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері Нұрым Садуақасов.

Иә, соңғы кездері елімізде синтетикалық есірткімен айналысатын қылмыскерлер жиі ұсталады. Бұрын полиция ақпарынан апиын, героин, гашиш пен марихуана туралы ғана білсек, қазір «меф», «мяу», «соль», «кристалл» деген есірткі түрлерін естіп жүрміз. «Синтетика» өсімдік шикізатынсыз арнайы лабораторияларда оңай әрі тез дайындалады. Тек химияны білу және дәріхананың кәдімгі дәрі-дәрмектері қажет.

*«Қазіргі есірткі сатушылардың жұмысына егжей-тегжейлі тоқталайық. Дозаны алу үшін «алыпсатарларға» баратын ескі сызба өткеннің еншісінде қалды. Техникалық прогресс есірткі сатушыларға Интернетке шығуға мүмкіндік берді. Яғни инстаграм, Вконтакте, Уатсап, Телеграмм желілерін пайдаланады. Әсіресе телеграм желісін қолданады. Мұнда олар өздерін қадағалау мүмкін емес деп ойлайды. Алайда мен сіздерге бір кішкентай құпия ашайын, ол мүлдем олай емес. Ондай қылмыс түрлерімен айналысатындарды ұстау үшін полицейлерге, яғни біздерге бар-жоғы ол адамның телефон нөмірін білсек болды. Қазір көбіміздің пайдаланып жүрген телефондарымыз iOS немесе Android платформаларының базасында жұмыс жасайды. Ал бұл платформаларда телефон иесінің барлық ақпараттары сақталып қалатын арнайы жүйелері болады. Сіз тіпті телефоныңыздағы аудио, видеофайлдар мен телефоныңыздың браузеріндегі Google немесе Yandex сынды ақпараттық жүйелердің іздеу жолағында жасаған барлық іс-әрекеттері манағы iOS немесе Android платформаларының тарихында сақталып қалады. Осылайша біз ондай қылмыскерлерді тез тауып аламыз»*, - дейді Нұрым Садуақасов.

Жұмыс істейтіндер - лабораториядағы администратор, курьер, «гранатчик», «закладчик» пен «тұтынушы» болып бөлінеді дейді Қарағанды облысы полиция департаментіне қарасты есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері.

*«Мәселен, Қарағандыда синтетикалық есірткі дайындалып болғаннан кейін, курьер Саранға алып келеді. Ол бұл қызметі үшін тиісті сыйақы алады. Саранға келген соң, оны бір жерге көміп кетеді. Ол көмген жерге «гранатчик» келіп, тауарды алып, белгілі граммдармен өлшеп, тауарды бөледі. Бұл қызметіне ол да өз жалақысын алады. Осыдан кейін ол да басқа жерге тығып кетіп, «закладчикке» мекен-жайды фотоға түсіріп жібереді. «Закладчик» алып кетіп, администратор айтқан жерге есірткілерді тығып кетеді. Ол бір мекен-жай үшін өз тиісті жалақысын алады. «Закладчиктер» есірткі нарығының қара жұмысшылары, көбінесе ұсталып, сотталатындар да осылар»*, - дейді ол.

Міне, осы мәселелер төңірегінде студент жастармен әңгіме өрбіткен Қарағанды облысы полиция департаментіне қарасты есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері жастарға жөн сілтеп, пікір алмасты, есірткі, ішімдік сынды улы заттардан аулақ жүру керектігін ескертті.

Сонымен қатар, «олардың кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге сатылып жүргенін байқасаңыз бірден полицияға хабарласып ескерткендеріңіз жөн», - деді өз сөзінде.

*«Қоғамды жайлаған індетпен күресіп, нашақорлықты алдын алу мақсатында күнделікті жұмыстар атқарылуда. Есірткі қолдану – өмірді балта шабумен тең. Біз жастармен осындай кездесу ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – есірткісіз қоғам құрып, жарқын болашағымыз өз қолымызда екендігін жеткізу. Заң аясында есірткіні қолдану, оны сатумен айналысуға тыйым салынып, қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын түсіндіру»*, - дейді Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері Нұрым Садуақасов.

РЕАЛИЗУЯ ПОСЛАНИЕ

# «ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА: НОВЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ, НОВЫЕ ПЛАНЫ И НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ»

Т. Коняева,
библиотекарь ЦГБ

1 сентября Глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил на заседании II совместной сессии палат Парламента РК с Посланием народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана». Прежде всего, Президент подвёл некоторые итоги сделанного за год. Выполнено немало из поставленных ранее задач. Достижения впечатляющие, наша страна делает большие успехи в цифровизации, внедрении инноваций и стремится стать лидером в IT-направлении. Касым-Жомарт Токаев говорит о том, что Казахстан готов наладить партнёрские отношения с транснациональными корпорациями из этой отрасли. Президент заявил, что перед Казахстаном стоит "...стратегически важная задача" – стать IT-страной. И здесь большая роль отводится высшим учебным заведениям страны, которые должны заняться подготовкой высококвалифицированных кадров.

Государство продолжает повышать качество жизни своего народа. Однако всё новые вызовы нашего неспокойного времени требуют ещё более активной работы во всех сферах жизни страны. Ситуация в мире обостряется: вооружённые конфликты, природные катаклизмы, дефицит воды, электроэнергии, продовольствия – всё это стало повседневной реальностью. Необходимо быстро принимать решения во вновь возникающих трудностях. Президент провозгласил переход на «...новую экономическую модель, во главе которой стоят не абстрактные достижения, а реальное улучшение жизни граждан», указал на необходимость сочетать политические реформы с глубокими социально – экономическими изменениями, выделил основные направления предстоящих экономических реформ. Казахстан должен стать самодостаточной страной. Всё необходимое для этого у нас имеется – труд, капитал, ресурсы, технологии. Новая промышленная политика – это возможность полностью модернизировать экономику страны. Глава государства предложил ряд мероприятий для развития геологоразведки и добычи полезных ископаемых в стране, выразил необходимость укрепления оборонно – промышленного комплекса, подчеркнул важность продолжения проектов в сфере возобновляемой энергетики, внедрение передовых водосберегающих технологий, достижение реального прорыва в агропромышленном комплексе, призвал ускорить развитие тяжёлого машиностроения. Президент подчеркнул важность разработки закона о науке и технологической политике, развития креативной индустрии, среднего предпринимательства в стране.

Касым-Жомарт Токаев призвал граждан сохранить единство, усердно трудиться и преобразить нашу страну, чтобы передать развитое и процветающее государство следующему поколению.

Каждый житель страны не должен оставаться равнодушным наблюдателем, а будучи на своём месте, вносить посильный вклад в строительство и становление Справедливого Казахстана.

НЕТ - КОРРУПЦИИ!

# ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ – ОБЯЗАННОСТЬ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА

М. Орынбасар,
главный специалист,
старший судебный пристав

**Коррупция как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира независимо от политического развития, в том числе и в Казахстане, различается лишь масштабами.**

Коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций. Негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане. Президент Казахстана, говоря о борьбе с коррупцией, неоднократно подчеркивал, что без участия общества нельзя победить коррупцию. Положительное влияние на результаты борьбы с коррупцией оказывает активизация работы антикоррупционных общественных организаций и политических партий, которые плодотворно участвуют в законотворческой деятельности. Многие зарубежные и казахстанские исследователи указывают на то, что большинство населения лояльно относится к коррупции, не понимая ее опасности. Это препятствует успешной борьбе с этим явлением. В связи с этим следует отметить, что коррупция причиняет огромный, иногда непоправимый вред интересам общества, государства и отдельных граждан. Несмотря на трудности, с коррупцией можно и нужно бороться. Об этом свидетельствует то обстоятельство, что уровень коррупции в разных странах далеко не одинаков. Успех борьбы с коррупцией зависит от правильно выработанной политики борьбы с ней. Борьба с коррупцией может быть эффективной, если будут полностью реализованы цели и задачи, реализуемые в государственной программе, борьбы с коррупционными правонарушениями, с последующим совершенствованием ее правовых механизмов.

АКТУАЛЬНО

# О ПРИЗНАНИИ ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ В СИЛУ ПРИОБРЕТАТЕЛЬНОЙ ДАВНОСТИ

Д. Изратова,
главный специалист
Саранского городского суда

Законодательством Республики Казахстан предусмотрено право лица на приобретение права собственности на имущество, будь-то движимое или недвижимое, по основанию приобретательной давности. Однако не каждое имущество может быть приобретено по данному основанию.

ЧТО ТАКОЕ ПРИОБРЕТАТЕЛЬНАЯ ДАВНОСТЬ?

В пункте 1 статьи 240 Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая часть) содержится понятие приобретательной давности, под которой следует понимать один из способов приобретения права собственности на имущество по средствам длительного владения этим имуществом.

ОСНОВНЫЕ КРИТЕРИИ ПРИОБРЕТАТЕЛЬНОЙ ДАВНОСТИ?

Не всякое длительное владение имуществом (движимым или недвижимым) может служить основанием для установления права собственности на него по основанию приобретательной давности.

Действующее гражданское законодательство устанавливает, что для установления права собственности на имущество, по основанию приобретательной давности, необходимо наличие трех основных критериев владения таким имуществом (пункт 1 статьи 240 Гражданского кодекса):

1. владение должно быть добросовестным;
2. владение должно быть открытым;
3. владение должно быть непрерывным.

20 апреля 2006 года Верховным Судом Республики Казахстан было принято Нормативное Постановление «О практике рассмотрения судами споров о праве на жилище, оставленное собственником» (далее по тексту - «Нормативное постановление»), которым было раскрыто понятие вышеназванных критериев.

Согласно пункту 10 Нормативного постановления, добросовестность владения означает, что лицо стало владельцем жилища правомерно, то есть оно оказалось у данного владельца в результате событий и действий, которые прямо признаются законом, иными правовыми актами, либо не противоречит им, но не получили правового оформления (например, передача собственником жилища без соблюдения предусмотренной законом формы договора купли-продажи, аренды и т.д.).

Открытость владения означает, что лицо не принимает никаких мер, направленных на то, чтобы скрыть обстоятельство владения жилищем, несет бремя содержания жилища, оплачивает коммунальные услуги и т.п.

Непрерывность владения означает, что жилище находится во владении данного лица в течение определенного периода времени, без передачи права владения третьим лицам.

Таким образом, лишь при наличии всех вышеуказанных критериев в совокупности, лицо, владеющее имуществом, вправе признать на нее право собственности по основанию приобретательной давности.

Однако следует учитывать, что приобретательная давность применима не ко всем случаям. Так, к примеру, в случае с не приватизированной квартирой это правило вряд ли может быть применено. Если гражданин проживает в государственном жилье на основании ордера или договора найма, то он владеет этим имуществом не как своим собственным, а как наниматель. Если же гражданин вселился в жилое помещение незаконно, без какого-либо права, то здесь вовсе не может быть речи о добросовестном владении и, соответственно, о приобретательной давности. Суд в этом случае может отказать в удовлетворении требования, о признании права собственности на имущество по приобретательной давности, ввиду отсутствия такого критерия, как добросовестность владения.

СРОК ПРИОБРЕТАТЕЛЬНОЙ ДАВНОСТИ

Для каждого вида имущества (движимого и недвижимого) предусмотрен свой самостоятельный срок приобретательной давности.

Пунктом 1 статьи 240 Гражданского кодекса, установлено, что гражданин или юридическое лицо, не являющееся собственником имущества, но добросовестно, открыто и непрерывно владеющее как своим собственным недвижимым имуществом в течение 7 лет, либо иным имуществом не менее 5 лет, приобретает право собственности на это имущество (приобретательная давность).

Таким образом, для приобретения недвижимого имущества, лицу необходимо владеть им добросовестно, открыто и непрерывно в течение 7 лет. В отношении же иного имущества, этот срок составляет 5 лет.

СРОКИ ВЛАДЕНИЯ, КОТОРЫЕ НЕ МОГУТ БЫТЬ ВКЛЮЧЕНЫ В ПРИОБРЕТАТЕЛЬНУЮ ДАВНОСТЬ

Пунктом 13 Нормативного постановления установлено, что в срок приобретательной давности не засчитывается время, когда владение жилищем осуществлялось на основании договорных обязательств (аренды, хранения, безвозмездного пользования и т.п.) или жилище было закреплено на праве хозяйственного ведения или оперативного управления.

Иными словами, если лицо ссылается на приобретательную давность владения недвижимым имуществом (владение на протяжении 7 лет), из которых, к примеру, 5 лет он владел этим имущество на основании договора аренды, то эти 5 лет не могут быть включены в 7-летний срок, поскольку это противоречит п. 13 Нормативного постановления.

## ВОСКРЕСЕНЬЕ 22 октября

### ПЕРВЫЙ КАНАЛ

06.00 "ТОЙ БАЗАР".
08.00, 03.40 "П@УТINA".
09.00 "ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ".
09.10 "ПОЕХАЛИ!"
10.10 "ҚАЙМАҚ".
10.45 Т/с "ПРОШУ ПОВЕРИТЬ МНЕ НА СЛОВО".
15.00 "АЯЛАҒАН АСТАНА".
16.35 Х/ф "#ТОЛЬКО СЕРЬЕЗНЫЕ ОТНОШЕНИЯ".
18.40 "ӘГУГАЙ".
20.00 "АНАЛИТИКА".
20.45 Т/с "ВЫБИРАЯ СУДЬБУ".
01.10 "ЧТО? ГДЕ? КОГДА?"
02.10 Т/с "ОНА ЖЕ ГРЕЙС".

### КТК

07.05 "ӘН МЕН ӘНШІ".
08.30 "18-25" ән кеші.
09.30 "ПАРАД ЮМОРА".
11.20 Т/с "НАПАРНИКИ".
15.00 Т/с "АТАЛАР СӨЗІ".
17.00 "МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ" ән кеші.
20.00 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!"
21.00 "ДИНАМЕН ДҰРЫС".
22.00 "ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ".
23.00 Х/ф "МОЙ ЛЮБИМЫЙ ПРИЗРАК".
01.40 "БЫЛО ДЕЛО".
02.30 "МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ".

### НТК

07.00, 04.00 "Екі езу".
07.40 Т/с "Қағаз кеме".
08.30 "ДОСТЫҚ 99".
09.05, 03.40 "INSTA LIKE".
09.30 Т/с "АКАДЕМИЯ СВЕРХЪ ЕСТЕСТВЕННОГО".
10.20 М/ф "ЛОРАКС".
12.20 М/ф "КОТ В САПОГАХ".
14.20 Х/ф "РЫЦАРЬ ТЕНЕЙ".
16.50 Х/ф "ВЕНОМ 2".
19.00 Х/ф "ВЫМО ГАТЕЛЬСТВО".
21.10 Х/ф "ПРОПАВШАЯ".
23.00 Х/ф "ТЕМНОТА".
01.30 "Қызық Live".
02.10 "ТАВОО".

### 31 КАНАЛ

06.00, 05.20 Әзіл студио.
07.00 BalaFunny.
07.30 "Күлiп ALL".
08.00, 03.40 TikTok show.
08.30 TimeVine.
09.00 "TeleBingo".
09.25 Готовим с Адель.
10.00 "Алдараспан".
11.30 Т/с "Сезім суретшісі".
12.10 Х/ф "Моя большая казахская семья".
14.30 Х/ф "Ледниковый период 3: Эра динозавров".
16.30 Х/ф "Kingsman: Золотое кольцо".
19.40 Х/ф "Планета обезьян: Революция".
22.40 Х/ф "Армагеддон".
01.30 Х/ф "Жүзiқара".
02.40 "Qazaq Stand Up".
03.20 Time Vine.
04.00 1001 Әзіл.
04.10 Ризамын.
04.30 BALA BATTLE.
05.00 What's up?

### АСТАНА

06.00 Т/с "Ене".
06.20 Т/с "Қара шаңырақ".
07.20 М/ф.
09.00 Т/с "Осман 2".
10.30 "Шымкент-шоу".
14.50 Х/ф "Бизнес по-казахски в Америке".
17.00 Х/ф "Бизнес по-казахски в Африке".
19.00 Х/ф "Бизнес по-казахски в Корее".
21.00 Т/с "Осман".
22.25 Т/с "Лакшми".
00.00 Х/ф "Ограбление на Бейкер-Стрит".

### 5 КАНАЛ

10.00, 20.00 Ауа райы болжамы. Прогноз погоды.
10.05 "Моя Караганда".
10.20, 22.05 "Жақсылардан ғибрат".
10.45, 11.20, 18.00, 22.25, 01.20 Д/ф.
11.05 "Ерлер ел ішінде".
11.45 "МультУтро".
12.00, 16.30 Ретро-показ.
12.45, 16.10, 20.45 "За порогом".
13.00 "Соседи по планете".
13.30 "Баршаға қатысты бар".
13.45 "Менің Қарағандым".
15.00 "Аңызды жоққа шығару".
15.15 "Қарағанды спортының 100 есімі".
17.00 "Мир православной духовности".
17.30, 22.00 Прогноз погоды. Ауа райы болжамы.
17.35 "Сайгез".
20.05 "Интервью против правил".
21.10, 21.30 Ретро-показ.
21.50 "Сау болайық".
23.00 Х/ф.
00.50 "Неформат".

### НОВОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ

06.00, 15.00, 03.00 "Жүректен жүрекке".
08.30, 23.00 "Сәтті күн".
09.00, 12.30, 19.50 "MyasSAGAn".
10.00 "QOSALQA".
10.45, 01.45 "Зеленая волна".
12.00, 01.30 "Подкасты".
13.00, 20.00 Т/с.
22.00 "ОБЗОР МИРОВЫХ НОВОСТЕЙ".
22.30 "Своими руками".
00.00 "Три Товарища".

### ХАБАР

05.00 "Topjargan".
07.30 "Қарақатпен шай".
08.30 "Культурный контекст".
09.00 "Оянған өлке".
10.00 Х/ф "Спеши любить".
12.00 М/ф.
13.15 М/с.
14.00 "Covershow".
16.00 Т/с "Келінжан".
18.15 "Алғашқы".
19.30 "Қызық times".
21.00 "7 күн".
21.40 "Отдел журналистских расследований".
22.15 Х/ф "Париж подождет".
00.15 "Хабар спорт".

### СЕДЬМОЙ КАНАЛ

06.00, 05.10 "Қуырдақ".
07.00, 02.30 Концерт "Харекет қорына 4 жыл".
08.40, 01.20 "ЖұлдызLife".
09.10 "Юмор! Юмор! Юмор!!!"
11.20 Т/с "Дорогая подруга".
16.00 "Қызықты weekend".
17.00 Әзіл Time.
18.00, 02.00 "Battle сөз".
18.30 Т/с "Человек без сердца".
23.00 Х/ф "Самый пьяный округ в мире".
04.30 "Жеңіп көр".

### КАЗАХСТАН

06.05, 05.05 "Жәдігер".
06.30 AQPARAT.
06.50 "Aqorda".
07.00, 04.25 "Күміс көмей".
08.05, 03.55 Д/ф "Тұлға".
08.35 "AQSAYYT".
09.00 "Көңіл толқыны".
09.20 М/с "Сүйкімді София".
10.00 Т/с "Қилы күндер".
12.00 "Qazaqstan дауысы".
14.30 М/ф.
15.50 "MERGENDER MEKENI".
16.40 "Сағындырған әндер-ай!"
17.25 "ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ".
18.00 Т/с "ҚИЛЫ КҮНДЕР".
20.00 "АРТА".
20.50 "Қазақтың жігіттері" концерті.
22.30 Т/с "АЛДАНҒАН АРМАН".
23.30 "Әзіл әлемі".
00.35 Т/с "Сезім толқыны".
02.15 "Арта".
03.05 "Aqsayyt".
03.25 "Әйел әлемі".

**РЕДАКЦИЯ ГАЗЕТЫ НЕ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ИЗМЕНЕНИЯ В ПРОГРАММЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ**

## ОЧС ИНФОРМИРУЕТ

# ПРОФИЛАКТИКА ПОЖАРА НА АВТОТРАНСПОРТЕ

ОЧС г. Сарани

Уважаемые водители! На территории города Сарани и посёлка Актас участились случаи пожара на автотранспорте. Необходимо отметить, что электрооборудование и синтетическая обшивка салона в случае пожара выделяют большое количество токсичных газов.

Причины возникновения пожаров на транспорте:

- неисправность системы электрооборудования и топливной системы;
- подогрев двигателя паяльными лампами и факелами;
- нарушение правил пожарной безопасности при проведении ремонтных работ;

В этой связи, в целях недопущения пожара при эксплуатации транспортных средств Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сарани напоминает следующие правила:

Запрещается:

- эксплуатировать транспорт с неисправной топливной системой и системой электрооборудования;
- ставить в гараж машину, у которой подтекает топливо;
- проводить в гараже окраску автомобиля, ремонтные работы с применением открытого огня;
- подогревать двигатель факелом, паяльной лампой, использовать открытый источник огня для освещения;
- промывать детали керосином, бензином и другими легковоспламеняющими и горючими жидкостями;
- заправляться при работающем двигателе;
- стоянка автомобилей с двигателями, работающими на сжатом природном газе и сжиженном нефтяном газе во встроенных в зданиях иного назначения и пристроенных к ним, а также расположенных ниже уровня земли автостоянках закрытого типа.

Действия на случай возникновения пожара на автотранспорте:

- незамедлительно остановившись, эвакуировать пассажиров из салона;
- позвонить по номерам дежурных служб 101 или 112, а также попросить помощи у людей, находящихся рядом;
- погасив двигатель, освободить капот от защелок, отсоединить аккумулятор и применить огнетушитель.



Рекомендуется носить с собой огнетушитель не менее одного литра, предназначенный для тушения быстрозагорающихся жидкостей и электрооборудования. Чем больше объем огнетушителя, тем больше возможность предотвращения возгорания;

- не применяйте воду для тушения пожара в области двигателя, она может образовать короткое замыкание и увеличить площадь горения жидкого топлива;
- если огонь распространился в заднюю часть автомобиля, где находится жидкое топливо, незамедлительно отойдите от автомобиля;
- если автомобиль загорелся в гараже, то тушите, протолкнув его на улицу;
- если вы в тот миг работали с маслом или бензином, не старайтесь тушить пожар. Вы сами можете пострадать.

Огнетушитель является неотъемлемой частью комплектации транспортного средства, следите за его наличием и исправностью. Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сарани призывает всех водителей соблюдать правила пожарной безопасности и желает всем счастливого пути!










## УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

**Большое спасибо за ваши письма и комментарии, которые поступают в нашу редакционную почту. Радует, что вы реагируете на все изменения, которые происходят в различных сферах жизнедеятельности нашего города.**

**На страницах городского еженедельника мы открыли рубрику «Неотложка», где будем размещать ваши обращения, предложения и пожелания. Надеемся на вашу активность и понимание, а мы в свою очередь постараемся оперативно реагировать на все вопросы, которые будут заданы не только в ваших письмах, но и в наших профилях в социальных сетях.**

**Напоминаем, что свои предложения и актуальные вопросы, касающиеся благоустройства и санитарной очистки нашего города, социальной и культурной сферы, образования и здравоохранения и т.д., вы можете направлять по адресу: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 или на электронную почту: sarangazeti@mail.ru.**

**Кроме того, приглашаем вас присоединиться к нам в социальных сетях. Читайте нас в аккаунтах Instagram и Facebook. Наш профиль: @sarangazeti, @sarangazetikaz. Будьте в курсе всех новостей!**

# *РЕКЛАМА *ОБЪЯВЛЕНИЯ*

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.




Продается 2-этажный коттедж с мебелью и бытовой техникой. В доме – центральная канализация и водопровод. На территории двора уложена брусчатка, есть беседка на 12 человек с коваными столами и скамьями, камин из шамотного кирпича, огород, теплица. Котельная расположена вне дома, установлен котел «DAKON" (пр-во Чехия), очень экономичный. Фасады дома, котельной, хоз. построек отделаны сайдингом. Реальному покупателю – торг. Если телефон недоступен, пишите в вотсап. Все вопросы по номеру: 8 – 701 – 615 – 89 – 75.

## * СДАЕТСЯ * * СДАЕТСЯ *

3-к кв. семейной паре, **на длительный срок**. Рядом все соц. объекты. Не угловая, по ул. Абая. Т.: 8-775-682-67-72.

## * ТРЕБУЕТСЯ * * ТРЕБУЕТСЯ *

На предприятие требуются: менеджер по стандартизации и сертификации, контролер ОТК, сборщики РТИ, прессовщики, вальцовщики, операторы плазменной резки, электрогазосварщики, электрики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Заработная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет. На миникотельную требуются кочегары (без ограничения возраста) Обращаться: г.Сарань, ул. Чкалова 2/4 (возле сауны «Эдем»), по телефону 5-21-71, 87026552338.

В Саранский высший гуманитарно-технический колледж им. Абая Кунанбаева требуются следующие сотрудники: водитель категории В, С - 1 ставка, техничка - 3 ставки, лаборант - 1 ставка. Т.: 5-11-81.

В ТОО «Sunpaper» требуются: укладчик-упаковщик, оператор, уборщица, грузчик, водитель погрузчика, экспедитор, помощник учетчика, зав. складом. Звонить по номеру: 8-775-282-90-18.




## УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ *

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

**Предлагаю профессиональный** ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

Услуги сиделки. Т.: 6-06-73.




**Место вашей рекламы**

## ДОМА

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

4-к дом, ул. Водоканальная. Центральная канализация. Или обмен на 2-к кв. Т.: 8-705-978-82-68.

Продаётся дом на 106, 3 комнаты, с косметическим ремонтом, имеются все хоз.постройки, ухоженный огород, документы все в порядке. Цена договорная.тел.:87786286014.

## 3-КОМНАТНЫЕ

Трехкомнатная квартира на 28 квартале по ул.Абая. Удобное расположение, рядом детский сад, школа, супермаркет. Квартира не угловая. Этаж 5/5, с водой проблем нет, отопление хорошее. Балкон застекленный, снаружи обшит сайдингом. Частично с мебелью. Цена 15 000 000, торг уместен. Обращаться по номерам: 87016662010, 87054931296.

3-к кв. по ул. Абая. Теплая, светлая, рядом школы, садики, магазины. Или меняю на 1-к кв. с доплатой. т.: 8-775-682-67-72.

3-к кв, 3 этаж, 28 квартал, по ул. Жамбыла. Т.: 8-775-415-28-97.

Продам 3 ком.квартиру в 2 мкр.9 дом РТИ.Кв без ремонта.3 этаж не угловой. Цена 4.200.000.Торг. Центральное отопление. Т.: 8-702-350-02-52

## 2-КОМНАТНЫЕ

2-к кв. на проспекте. Очень теплая. Т.: 8-701-387-07-93.

Продается 2-к кв, 1а-2, частично с мебелью, 2 этаж, за 12 млн. 800 тыс, 8 млн. сразу, 4 млн. 800 тыс. в рассрочку на 2 года Т.: +7 702 064 70 56.

## РАЗНОЕ

Телевизор Samsung Б/У в хорошем состоянии цена 8000 тенге. Т. 8-775-945-23-23.

Новые сапоги для рыбалки, охоты. Размер 46-47. Цена 8 000 тг. Т.: 8-775-945-23-23.

Продаю дрова. Пилено-рубленные в мешках. Тел: 8 707-306-39-14, 8 707-236-53-62.

## * МЕНЯЮ *

4-к особняк в начале Самозастройки. Центральная канализация, гараж, 7 соток на 2-к. кв. с доплатой или 3-к кв. Т.: 8-775-320-87-19.

## * КУПЛЮ *

Монеты, значки, открытки и банкноты СССР, не ходовые (старого образца) банкноты тенге. Т.: 8-701-715-60-49.

Фарфоровые статуэтки, игрушки и «сувенирные» машинки СССР. Т.: 8-776-134-52-30.

Хабарландыру

2023 жылғы 11 қазанда Ақтас кенті әкімінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №5 «Қарағанды облысы Саран қаласының Ақтас кентінің көшелерін қайта атау туралы» №81 (1578) шешімінде «Саран газеті» қалалық газетінде жарияланған техникалық қателік жіберілді. Ақтас кенті әкімінің бұл шешімі заңды күшіне енді және 2023 жылғы 2 қазанда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланды.

**"Ақтас кенті әкімінің аппараты" ММ**

Обьявление

В опубликованном в городской газете «Саран газеті» 11 октября 2023 года за № 81 (1578) решении акима поселка Актас от 29 сентября 2023 года №5 «О переименовании улиц поселка Актас города Сарани Карагандинской области» допущена техническая ошибка. Данное решение акима поселка Актас вступило в законную силу и опубликовано в информационной правовой системе нормативных правовых актах Республики Казахстан «Әділет» 2 октября 2023 года.

**ГУ "Аппарат акима поселка Актас"**


**РЕКЛАМА**
**ОБЪЯВЛЕНИЯ**
**ПОЗДРАВЛЕНИЯ**
На LED экране

**Магазин детской одежды «Мамакупи»**

Качественные и оригинальные вещи по доступным ценам - от 1 года и старше.

Наш адрес: г.Сарань, ул. Ленина, дом 7 (бывшее кафе "Эгида")

График работы магазина: Ежедневно с 10-00 до 19-00; Без обеда и выходных.

Instagram: mamakupi_krg






БУДЬТЕ В КУРСЕ ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!


## АҚТАС КЕНТІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 28 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫСТАР МЕН ЕСКЕРТУЛЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

| № | Айтылған ескертулер, ұсыныстар (автор, мекенжайы) | Ескертулерді/ ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | **Ақтас кентінің тұрғыны, Ленинградская көшесі, 26-9 Л.П. Ураева**<br><br>2023-2024 жылдардағы жылу беру маусымының тарифі қандай? Қашан жылу беріледі? Қарыз бойынша борышкерлердің тізімін кіреберістерге іліп қою керек. | 1.1. «Сарантеплосервис» ЖШС, ЖК Токушевпен жылу беру маусымының басталу мерзімі және жылу энергиясы үшін берешегі бар тұрғындардың тізімін орналастыру туралы мәселені анықтау.<br>1.2. Тұрғынға ақпарат берілсін. | 2023 жылғы 30 қазан | Анаев М.А. Ақтас кенті әкімінің орынбасары | |

Ақтас кентінің әкімі Б. Аканов

## МЕРОПРИЯТИЯ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ ПОСЕЛКА АКТАС, ВЫСКАЗАННЫХ В ХОДЕ ВСТРЕЧИ АКИМА ПОСЕЛКА АКТАС ПЕРЕД НАСЕЛЕНИЕМ ОТ 28 СЕНТЯБРЯ 2023 ГОДА

| № | Высказанные замечания, предложения (автор, адрес) | Мероприятия по реализации замечаний/ предложений | Срок исполнения | Ответственный исполнитель | Примечание |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | **Житель поселка Актас, Ленинградская, 26-9 Ураева Л.П.**<br><br>Какой тариф на отопительный сезон 2023-2024 годов. Когда дадут тепло и необходимо вывесить списки должников по подъездам? | 1.1.**Проработать вопрос с** ТОО «Сарантеплосервис», ИП Токушевым о сроке начала отопительного сезона и размещении списка жителей, имеющих задолженность за теплоэнергию.<br>1.2. Предоставить информацию жителю. | 30 октября 2023 года | Анаев М.А. заместитель акима поселка Актас | |

Аким поселка Актас Б. Аканов

## УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

**Большое спасибо за ваши письма и комментарии, которые поступают в нашу редакционную почту. Радует, что вы реагируете на все изменения, которые происходят в различных сферах жизнедеятельности нашего города.**

**На страницах городского еженедельника мы открыли рубрику «Неотложка», где будем размещать ваши обращения, предложения и пожелания. Надеемся на вашу активность и понимание, а мы в свою очередь постараемся оперативно реагировать на все вопросы, которые будут заданы не только в ваших письмах, но и в наших профилях в социальных сетях.**

**Напоминаем, что свои предложения и актуальные вопросы, касающиеся благоустройства и санитарной очистки нашего города, социальной и культурной сферы, образования и здравоохранения и т.д., вы можете направлять по адресу: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 или на электронную почту: sarangazeti@mail.ru.**

**Кроме того, приглашаем вас присоединиться к нам в социальных сетях. Читайте нас в аккаунтах Instagram и Facebook. Наш профиль: @sarangazeti, @sarangazetikaz. Будьте в курсе всех новостей!**


**ПОДПИСКА**

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:**
ГОДОВАЯ - 4000 ТГ.
ПОЛУГОДОВАЯ - 2000 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 999 ТГ.

**АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:**
ГОДОВАЯ - 3000 ТГ.
ПОЛУГОДОВАЯ - 1500 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 750 ТГ.

**ЮРИДИЧЕСКАЯ:**
ГОДОВАЯ - 6218 ТГ.
ПОЛУГОДОВАЯ - 3109 ТГ.



Саран газеті

САРАН ҚАЛАСЫНДА ӨҢІРЛІК КЕҢЕСТІҢ АШЫҚ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ВАЖНЫМ ВОПРОСАМ – ПРИСТАЛЬНОЕ ВНИМАНИЕ

СОГЛАСНО ОБРАЩЕНИЯМ ГОРОЖАН


Саран газеті

Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА

Отв. секретарь Ш. ШАРАПАТҰЛЫ

Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник: ТОО «Саран тынысы»

Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1

Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru

Выходит два раза в неделю, форматом А-3 Тираж 1132

Газета набрана и сверстана в редакции

Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО “Типография “Арко” 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева,15

Печать офсетная. Заказ № 82

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.